

Н.И.Ляпбаева¹ А.С.Абдирайымова²

*¹Ә.ғ.к., М.Тынышбаев атын. ҚазККА-ның ассистент профессоры,
Алматы қ., Қазақстан*

*² т. ғ.к., М.Тынышбаев атын. ҚазККА-ның ассоц.профессоры,
Алматы қ., Қазақстан*

КӘСПКЕРЛІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Аннотация

Бұл мақалада әлеуметтік институт ретіндегі кәсіпкерліктің қалыптасу тарихына қысқаша шолу жасалады. Сонымен қатар, қазіргі экономикада кәсіпкерліктің алатын орны мен атқаратын ролі қарастырылады. Әр түрлі ғылыми әдебиеттерде кәсіпкерлікке берілген анықтамаларға кеңінен талдау жасалады. Сондай-ақ, елдің әлеуметтік және экономикалық әлеуетін арттырудағы кәсіпкерлік институтына жан-жақты сараптама жасалады.

Сонымен бірге, аталмыш мақалада Қазақстан қоғамының әлеуметтік құрылымындағы және экономикасындағы кәсіпкерліктің алатын орны мен атқаратын ролі де қарастырылады. Алыс-жақын шетелдік әдебиеттердегі кәсіпкерлік пен кәсіпкер ұғымдарына нақты талдаулар жасалады, олардың мәні мен мазмұны ашып көрсетілген. Әлеуметтік топ, әлеуметтік үдеріс ретіндегі кәсіпкерлер мен кәсіпкерліктің қалыптасу үрдістеріне сипаттама беріледі.

Түйін сөздер: кәсіпкер, кәсіпкерлік, экономика, жеке меншік, кәсіпкерлік тарихы, әлеуметтік институт, бизнесмен, әлеуметтік жік.

N.I.Lyapbayeva¹ A.S.Abdiraiymova²

*¹K. SOC.n., Ph. D assistant Professor of Kazatk.M. Tinishpaeva,
Almaty, Kazakhstan*

*²Ph. D., Assoc.Professor of Kazatk M. Tinishpaeva,
Almaty, Kazakhstan*

HISTORY OF BUSINESS FORMATION

Abstract

The article gives a brief overview of the history of entrepreneurship as a social institution. Besides, the role and place of entrepreneurship in the social structure and economy of Kazakhstan society are considered. Based on the sources of near and farabroad, are analyzed the concepts of “entrepreneurship” and “entrepreneur”, their essence and content are disclosed. Carried out a comprehensive analysis.

The Institute of Entrepreneurship in order to increase the socio-economic potential of the country, describes the trends in the formation of entrepreneurship and entrepreneurs as a social group, social process.

Keywords: entrepreneur, entrepreneurship, economics, private property, history of entrepreneurship, social institution, businessman, social layer.

Н.И.Ляпбаева¹ А.С.Абдирайымова²

*¹ к.соц.н., ассистент профессора КазАТК им.М.Тынышпаева,
г. Алматы, Казахстан*

*² к.и.н., ассоц.профессор КазАТК им.М.Тынышпаева,
г. Алматы, Казахстан*

ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА

Аннотация

В статье дается краткий обзор истории предпринимательства как социального института. Кроме того, рассматривается роль и место предпринимательства в социальной структуре и экономике казахстанского общества. На основе источников ближнего и дальнего зарубежья проанализированы понятия «предпринимательство» и «предприниматель», раскрыты их сущность и содержание, также проведен комплексный анализ института предпринимательства для повышения социально-экономического потенциала страны, дается характеристика тенденций становления предпринимательства и предпринимателей как социальной группы, социального процесса.

Ключевые слова: предприниматель, предпринимательство, экономика, частная собственность, история предпринимательства, социальный институт, бизнесмен, социальный слой.

Бүгінгі таңда кәсіпкерлікті ғылыми тұрғыдан зерттеу мәселесі тек экономика саласының ғана емес, сонымен қатар басқа да әр түрлі ғылым саласы өкілдерін толғандырар проблемаға айналды, бұл мәселе төңірегінде қалам тербеген саясатшы, психолог, тарихшы, философ, әлеуметтанушы ғалымдардың да еңбегі баршылық. Соның ішінде бұл проблеманы зерттеудің әлеуметтану ғылымы үшін маңызы өте зор. Себебі, қоғамның әлеуметтік құрылымында пайда болған өзіне тән ерекшелігі бар кәсіпкерлер тобы, олардың кәсіпкерлік қызметі, жалпы кәсіпкерлік институты туралы зерттеу жүргізу бүгінгі күннің көкейтесті мәселерінің біріне айналды. Кәсіпкерлік мәселесіне қатысты тартымды да, әділ пікір білдірген алыс шетелдік зерттеуші-ғалымдар қатарында ең алдымен М.Вебердің, П.Друкердің, В.Зомбарттың, А.Смиттің, П.А.Сорокиннің, К.Татеисидің, Ф.Хайектің, П.Хизричтің, К.Ховардтың, А.Хоскингтің, Й.Шумпетердің және тағы басқалардың еңбектерін атауға болады.

Й.Шумпетер «Теория экономического развития» атты еңбегінде «инновация» ұғымына жаңа технологияларды, жаңа өнімдерді т.б. енгізу деген анықтама беріп, ал инноваторды кәсіпкерге теңейді.

Питер Друкер «Рынок: как выйти в лидеры» атты еңбегінде инновациялық пен кәсіпкерлікті АҚШ-тағы ұйымдар мен фирмалар қызметінің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Оның пікірінше, жоғары технология, оның ішінде компьютерлік және телекоммуникациялық жүйелердің, роботты техниканың, биотехниканың, биоинженерияның барлық түрлері қоғамда кәсіпкерлік пен жаңашылдықтың (инновацияның) бейнесін қалыптастырып, қызметтің осы түрлерін таңдауға бейімдейді.

Кәсіпкерлікке ғылыми тұрғыдан жан-жақты баға берген қазақстандық бір топ зерттеушілердің де елеулі еңбектері бар. Мәселен, М.С.Аженов, Н.А.Аитов, Б.И.Бектұрғанова, Қ.Ғ.Ғабдуллина, М.С.Ізтілеуова, З.А.Нағайбаева, Ж.А.Нұрбекова және экономист ғалымдарымыз Т.Ә.Әшімбаев, А.Қ.Қошанов, Н.К.Мамыров, К.А.Сағадиев және тағы басқалардың бірқатар еңбектері жарияланды.

Қазіргі кезде біздің елімізде мемлекет меншігінің көп бөлігі жекешелендірілген, өнімнің 80% -дан артығын жеке сектор өндіреді, экономика көп салаға бөлініп, көпшілік халық психологиялық тұрғыдан нарыққа бейімделді.

Нарықтық экономика және демократиялық дамуға бағытталған Қазақстанның осыдан 28 жыл бұрынғы тарихи таңдауы қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік өмірінің барлық жақтарын реформалауға толық мүмкіндік берді.

Бұл ғылыми мақалада негізгі ұғым ретінде "кәсіпкерлік" және "кәсіпкер" терминдері көрініс табады. Сондай-ақ бұл терминнің әлде бір жағымды, батысқа тән реңкі бар. Бұл терминдерге батыс ғылыми әдебиетінде әртүрлі анықтамалар беріліп жүргені де белгілі.

Кәсіпкерлік тарихы орта ғасырдан бастау алады. Орта ғасырларда "кәсіпкер" термині ірі көлемді өндіріс немесе өндірістік жобалардың орындалуына жауап беретін, шерулер мен музыкалық көріністердің ұйымдастырушысы деген мағынада қолданылған. Сол кездің өзінде-ақ қолөнершілер, саудагерлер, көпестер пен миссионерлер кәсіпкерліктің бастаушысы ретінде қалыптаса бастады десе де болғандай.

Ал "кәсіпкерлік" деген ұғымының өзі XVIII ғасырда қалыптаса бастады, ол кезде кәсіпкер деп мемлекетпен бағасы алдын-ала келісе отырып, келісім шарт жасасатын адамды атаған. Ондай адам келісімінің шарттарын орындаудың қаржылық жауапкершілігін толық өз мойнына алады, бірақ егер ол жоспарланғаннан аз ақшамен жобаны жүзеге асыра алса, қалған ақшаны өзінде қалдыра алатын еді [1].

Әлеуметтік құбылыс және институт ретінде кәсіпкерлік адамзатқа көне замандардан бері белгілі. Түрлі кезеңдерде адамдар бұл терминге түрліше түсініктеме беріп келген:

1725 жыл - Ричард Кантильон: кәсіпкер - тәуекел жағдайында әрекет етуші адам; капитал ұсыну қызметінің кәсіпкерлік қызметтен айырмашылығы бар [2].

1795 жыл – Бодо: кәсіпшілік – істің жауапкершілігін мойнына алған адам; кім жоспарын құрып, ұйымдастырса, сол адам кәсіпорынға ие болады.

1803 жыл – Жан Батист Сэй: капитал кірісі кәсіпкерлік кірістен ерекшеленеді.

1876 жыл – Френсис Уокер: капитал ұсынып, сол үшін процент алатын адам мен ұйымдастырушылық қабілеті арқасында пайда табатын адамды бір-бірінен ажырата білу керек.

1934 жыл – Йозеф Шумпетер: кәсіпкер – жаңа технологияларды жасаушы жаңалық иесі.

1961 жыл – Дэвид Маккеланд: кәсіпкер – орынды тәуекелмен әрекет ететін жігерлі адам.

1964 жыл – Питер Друкер: кәсіпкер – кез-келген мүмкіндіктен мол пайда таба білетін адам.

1975 жыл – Альберт Шапиро: кәсіпкер – бастама көтеруші, әлеуметтік-экономикалық механизмдерді ұйымдастырушы адам. Нарық жағдайында әрекет ете отырып, ол орын алуы мүмкін сәтсіздіктер жауапкершілігін мойнына алады.

1980 жыл – Карл Веспер: кәсіпкер түсінігі экономист, психолог және басқа кәсіпкерлер мен саясаткерлердің әрқайсысында әртүрлі пікір тудырады.

1983 жыл – Гиффорд Пиншот: интрапренер және антрепренер. Интрапренер – бұл жаңа кәсіпорын құрушы кәсіпкер – антрепренерге қарағанда, іс жүзінде бар, әрекет етуші, құрылып қойған кәсіпорын жағдайында іс-әрекет ететін антрепренер.

1985 жыл – Роберт Хизрич: кәсіпкерлік – ол бағасы бар әлдебір жаңа нәрсені жасау процесі, ал кәсіпкер – ол осыған барлық қажетті уақыты мен күшін жұмсап, бүкіл қаржылық, психологиялық және әлеуметтік тұрғыдағы тәуекелді көтеретін, соның есесіне нәтижесінде мол ақша мен жетістіктер рахатына бөленетін адам [3].

“Кәсіпкер” – француз сөзі, сөзбе-сөз аударғанда “делдал” дегенді білдіреді. 18 ғасырда кәсіпкерліктің терминологиясында белгілі ағылшын экономисі Ричард Кантильон зор үлес қосты. Ол тұңғыш рет “кәсіпкер” және “кәсіпкерлік” ұғымдарын қазіргі біз қолданып жүрген мағынасында қолданды (XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басы). Сондықтан да ол “кәсіпкер” терминінің атасы болып табылады. Р.Кантильон “кәсіпкер” ретінде тәуекелмен іс-әрекет ететін адамдарды - саудагерлер, фермерлер, қол өнершілер және т.б. ұсақ меншік иелерін таныды. Жаңа кәсіпорынды ұйымдастырумен немесе жаңа идеяларды, жаңа өнім мен жаңа қызмет түрлеріне коммерциялық енгізумен байланысты қауіп-қатер тәуекелін мойнына алатын шаруашылық ретіндегі кәсіпкерлік туралы ұғым ең алғаш рет Р.Кантильонның “Коммерция табиғаты туралы очерк” атты кітабында пайда болды.

XVIII ғ. аяғында тәуелсіз, еркін фермерлер, фригольдерлер мен өмір бойғы жалгерлер өздерінің отбасыларымен бірге Англияда халықтың 30%-ға жуығын құраған, ал дүкеншілер мен ұсақ саудагерлерді қосқанда 40%-ды құраған сондықтан, XVI-XVIII ғғ. Англияны “дүкеншілер мен фермерлер елі” деп атаған екен. Сондай-ақ XVIII ғ. аяғында АҚШ-та тәуелсіз ұсақ фермерлер тобы 40%-ды қамтыса, қолөнершілер мен ұсақ саудагерлерді қосқанда халықтың жартысынан көбін құрады [4].

XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында кәсіпкерлерді кәсіпорын жетекшілері – менеджерлермен ұқсастырып, негізінен, олардың іс-қызметінің экономикалық қырына ғана назар аударылды.

Белгілі француз экономисі (XVIII ғ. аяғы – XX ғ. басы) Жан Батист Сэй “Экономикалық экономия трактаты” кітабында кәсіпкерлік қызметтің анықтамасын өндірістің үш классикалық факторы - жер, капитал, еңбектің қосындысы деп айқындады. Сонымен бірге, ол ағылшын кәсіпкерлерінің талантын Англия өнеркәсібі дамуындағы факторлардың бірі болғандығын да атап көрсеткен [5].

Алайда, өкінішке орай, экономикалық ғылым классиктерінің барлығы да кәсіпкердің тұлғасына қызығушылық танытпады. Тек XIX-XX ғғ. тоғысында ғана кәсіпкерлік институтының маңызы мен ролі жете түсініле бастады. Сөйтіп, XX ғасырдың ортасында кәсіпкерлікті және жаңалық ашушы ретіндегі кәсіпкерді қазіргідей түсіну қалыптасты. Кәсіпкердің міндеті жаңалық ойлап табу арқылы, ал бұдан гөрі кеңірек мағынада – жаңа тауарлар өндірісі мен бұрынғы тауарларды (бірақ жаңа әдіспен) өндіруге жаңа технологиялық мүмкіндіктерді пайдалану арқылы, сондай-ақ жаңа шикізат көзін немесе даяр өнім нарығын ашу, өнеркәсіптің бұрынғы салаларын қайта құру және жаңа салалар құру арқылы өндіріс тәсіліне реформа жүргізу немесе төңкеріс жасау екендігіне мән беріле бастады.

Шығу тегі австриялық американдық экономисі Йозеф Шумпетер (1883-1950) кәсіпкер ретінде жаңа әдіс-тәсілдерді жүзеге асырушы қызметін атқаратын және өзі де соның белсенді бір элементі болып табылатын шаруашылық субъектілерін таныды. Шумпетердің пайымдауынша, "жаңа әдіс-тәсілдерді жүзеге асыру" түсінігі мынадай бес жағдайды қамтиды [6]:

1. Тұтынушыларға әлі белгісіз жаңа игілікті даярлау немесе қандайда бір игілікке жаңа сапа беру;

2. Іс жүзінде әлі белгісіз жаңа өндіріс тәсілін енгізу, оның негізінде ғылыми жаңалық ашу жатуы міндетті емес;

3. Жаңа тауар өткізу нарығын игеру, яғни ол нарықтың бұрыннан келе жатқанына қарамастан, өнеркәсіптің берілген саласы бұрын ол нарыққа шығарылмаған болу керек;

4. Бұрын болғанына немесе болса да назарға алынбай келгеніне және қол жеткізусіз болып көрінгеніне қарамастан жаңа шикізат немесе жартылай фабрикат көзін табу;

5. Сәйкес қайта құрулар жүргізу, мысалы, монополиялық жағдай тұрғызу немесе басқа кәсіпорынның монополиялық жағдайын бұзу.

И.С. Ожековтың кең танымал "Орыс тілінің сөздігінде" "кәсіпкер" сөзіне былай деп түсініктеме беріледі:

1. Өз кәсіпорны бар капиталист;

2. Іскер және құнтты (жинақы, үнемді) адам [7].

В.В. Лопатин, Л.Е. Лопатинаның "Кіші түсіндірме сөздігінде" "кәсіпкер" және "кәсіпкерлік" сөздеріне мынадай түсініктеме берілген: кәсіпкер-өнеркәсіп, сауда және т.б. кәсіпорындарының иесі; кіріс әкелетін қандай да бір істі ұйымдастыруға бел байлап кірісетін адам; кәсіпкерлік-кәсіпкердің қызметі.

Бұл ұғымға Үлкен экономикалық сөздікте берілетін түсініктеме көкейге қонады: "кәсіпкер"-кәсіпкерлік қызметпен айналысатын, кәсіпорын ұйымдастыруға қажетті қаржы-құрал іздестіріп, тәуекелге баратын адам".

Бірқатар отандық және Ресей басылымдарында кәсіпкерліктің мәні кіріс алумен, пайда табумен байланыстырылып қарастырылады. Ал, кейбір американдық авторларының кәсіпкерлікке беретін сипаттамасы бұған қарағанда әлдеқайда мәндірек. Соның ішінде, М.Х. Мескон, М. Альберт, Ф. Хедоури кәсіпкерге былай деп сипаттама береді: кәсіпкер-жаңа ұйым құруда немесе жаңа идея, жаңа өнім, жаңа қызмет ұсынуда үлкен тәуекелге баратын адам [8].

XX ғ. ғалымдары мен зерттеушілері кәсіпкердің әлеуметтік және тұлғалық сипаттарына баса назар аударды. Бұл туралы Р. Хизрич, М. Питерс өз еңбектерінде бірқатар мысалдар келтіреді. Олардың бірі мынандай: "кәсіпкерлік - байлықты арттыруға бағытталған қарқынды үрдіс. Байлықты өз ақшасын, мүлкін, мансабын бәрінен де көбірек тәуекелге тігетін, өз ісін құруға уақытын аямайтын, сатып алушыларға жаңа тауарлармен қызмет түрлерін ұсынатын адамдар жасайды. Бұл тауарлардың немесе қызмет түрлерінің жаңа болуы міндетті емес, ең бастысы, кәсіпкердің оған жаңа сапа дарытып, құндылығын арттыра алуында, оған қажетті күш пен қаржы тауып, жұмылдыра білуінде.

Кеңес үкіметі жылдарында "кәсіпкерлік" ұғымы экономикалық сөздік қорынан алынып тасталған болатын. Ал, "кәсіпкерлік" термині жағымсыз, теріс мағынада қабылданып қолданылады. Әкімшіл-әміршіл жүйе оны өзіне тән өктемдікпен және теңгермешілдікпен күштеп тұншықтырып, жаншып тастады. Қоғамға, халыққа кәсіпкер бейнесін алыпсатар, пайдакүнем, қанаушы, халық игілігін талан-таражға салушы ретінде танытты. "Сондықтан, біздің отандастарымыздың көпшілігі кәсіпкерге әккі, қу, ебін тауып орналасып алған бұзақы деген көзқараспен қарады" [9].

Дарынды, іскер адамдардың қоғам тарапынан өз қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сай лайықты мойындаушылыққа, мемлекет тарапынан қолдауға ие бола алмағандығы жасырын емес. Іс жүзінде кәсіпкерлікке Кеңес одағы жағдайында қатты тыйым салынды.

Енді, міне іскер адамдардың уақыты келіп, олар өздері туралы халық шаруашылығындағы құрылымдық қиғашықтарды жоюға, сол халық шаруашылығының инновациялық күш-қуатын арттыруға, біз түсіп кеткен "мәдениетті" ордан шығуға қажетті алғы шарттарды ұсынуға қомақты үлес қосуға қабілетті, әділ қажеттіліктен туған зор күш ретінде жар салуда. Өйткені кәсіпкерге таңылып келген оның табиғатының таза еместігі, ластығы туралы қалыптасқан түсінік-ұғымдарды шұғыл түрде бұзып, оның орнына өзіне лайықты бағасын беру қажеттілігі туған еді.

"Кәсіпкерлік" термині қазіргі таңда жинақталған түрде сапалық тұрғыдан әр текті құрылымдар қызметінің жиынтығын білдіреді және де бұл түсініктеме қарқындылық, күш-қуат және бұғып жатқан жаңа мүмкіндіктерді паш етіп тұрған оптимистік мәнде айтылып тұрғандығын айта кетуіміз керек. Сондықтан, бұрын бұл терминнен жеріп, бас тартқандар осыған бой ұсынып,

ымыраға келіп үнсіз қалды. Өйткені, әлеуметтік-мәдени өркендеудің бастауында ынталы, бастамашыл, іскер, шығармашылықпен ойлайтын адам тұрғандығына өмір шындығы көз жеткізіп берді.

70-80-жылдардағы терең экономикалық дағдарыс бүкіл дүниежүзінде экономикалық өсу үлгіле-ріне, әлеуметтік және саяси институттарға, жалпы тұрмыс-тіршілік салтына өзгеріс енгізу қажеттілі-гін алға тартты. Әрбір ел осы үлкен қиындықтан шығар жол іздегенде, бәріне ортақ, бір мақсаттағы, шаруашылықтың қарқынмен дамуына және қоғамның гүлденуіне жеткізе алатын бірден-бір күш кәсіпкерлік екендігін мойындады. Өйткені, өмірдің өзі көрсетіп бергеніндей, барлық жағымсыз жәйттер-ге қарамастан, кәсіпкерліктің дамуы уақыт талабына сай және бұлтартпас қоғамдық үрдіс болып табылады.

Нарықтық қатынастарға өту қарқынды жүріп жатқан бүгінгі таңда кәсіпкер белсенді әрі мақсатқа ұмтыла отырып, қызметтің жаңа салаларын игеретін, меншік түріне қарай мүліктің нағыз иесі бола алатын және қызмет әдісі бойынша жаңашыл болып саналатын басты тұлғаға айналып отыр. Нарықтық экономикасы дамыған шет елдер тәжерибиесі көрсетіп отырғандай, кәсіпкерлік сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдігіне қол жеткізу арқылы нарықтық қатынастарды жаңғыртудың ерекше тетіктерін қамтамасыз етеді. Сонымен бірге, адам ресурсы мен инновациялық әлеуетті жандандыруға, зор ықпал ете отырып экономика саласында маңызды міндеттерді атқарады.

Кәсіпкерлік - стандартқа сәйкес, қалыпты әрекет ететін нарықтық үрдіс агенттерінің қолы жете бермейтін қалдық кіріске бағытталған экономикалық мінез-құлықтың инновациялық үлгісі. Ал, бұдан да кең мағынада, кәсіпкерлік мінез-құлық-ұдайы өндіріс циклі аясында жүзеге асырылатын әлеуметтік мінез-құлықтың инновациялық түрлерінің бірі. Академик Л.Абалкин атап көрсеткендей, "қызметтің ерекше түрі ретіндегі және әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретіндегі кәсіпкерлік-бұл абстрактылы ұғым емес. Ол қашанда ұлттық құндылықтар мен дәстүрлер жүйесіне кіріп, белгілі бір тарихи және әлеуметтік салада дамып отырады"[10].

Қазіргі таңда адамдардың басым бөлігі өндірістің дамуына, сондай-ақ бүкіл қоғамның дамуына игі әсерін тигізетін кәсіпкерлік сала екендігін мойындай бастады. Дамыған мемлекеттер нақ осы кәсіпкерліктің еңбегінің нәтижесінде өркендесе, кәсіпкерлер өз мемлекеттерінің қолдауымен дамып, оң нәтижеге жетіп отыр. Сондықтан, біз адамдардың жақсы өмір сүруіне лайықты жағдай жасап, олар-дың осы қоғам мүшесі болғандығын мақтаныш етуіне ықпал ететін, ұлттық мақтаныш сезімін қаға-наттандыра алатын тиімділігі жоғары экономикасы бар қоғам құру идеясы жолында бірігуіміз керек.

Біздің қоғамымызда кәсіпкерліктің қалыптасуы-әлеуметтік үрдіс ретінде, ал кәсіпкерлер жаңа әлеуметтік жік ретінде маңызды мәселе болып табылады. Оны әлеуметтанулық тұрғыдан зерттеу, көптеген зерттеушілердің атап көрсеткеніндей, "қоғамды бірқатар жағымсыз жәйттерден, ал саясаткерлерді жаңсақ қадамдардан сақтандыруға" мүмкіндік береді.

Өзінің институционалды тұрақтылығына қол жеткізіп, заңдық тұрғыдан да қолдауға ие болған кәсіпкерлік күннен күнге мамандандырылып, өркениетті сипатқа ие болуда. Бұрындары қарапайым сауда ісінің өзі де қажет етіп тұратын көзсіз тәуекел мен есепсіз әрекет шараларын енді нарық мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланып, оны үздіксіз дамыту рухы тықсыра бастағаны белгілі. Кәсіпкерлік рухы күнен күнге жаңа әлеуметтік кеңістіктерге таралып келеді. Біздің еліміз кәсіпкерлік қызметтің халық шаруашылығының түрлі салаларында, ең алдымен, халық тұтынуына арналған тауар мен қызмет түрлерін өндіру саласында дамуына ерекше көңіл бөліп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Хайек Ф. Дорога к рабству // *Новый мир*. - 1991. - №7-8. - С.77с.
2. Хизрич П.Р., Питерс М. *Предпринимательство, или как завести собственное дело и добиться успеха*. - М.: Прогресс, 1992. - 357с.
3. Ховард К. *Малое предпринимательство*. - М.: Инфра, 1998. - 168с.
4. Хоскинг А. *Курс предпринимательства*. - М.: Меж. отнош., 1993-349с.
5. Шумпетер И. *Теория экономического развития*. - М.: Прогресс, 1982. - 455с.
6. Абалкин Л.И. *Предпринимательство: его природа и роль в обновлении общества* // *Экономика и жизнь*. - 1991. - №29. - С.6.7.
7. Агеев А.И. *Предпринимательство: проблемы собственности и культуры*. - М., 1991. - 106с.
8. Барламов С.А. *Социальные источники предпринимательства // Социальные ориентиры изменяющегося общества*. - М., 1993. - 350 с.
9. Боконтаева Ж.К. *Фермеры как социально-профессиональная группа: Автореф. Дис. Кан. социол. наук*. - Алматы. 1998. - 27с.

Абалкин Л.И. Предпринимательство: его природа и роль в обновлении общества // Экономика и жизнь . – 1991.-№29.- С.7.